

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетін құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 8 қарашадағы N 3203. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Тікелей инвестицияларды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000 – 44-бабының 3)-тармақшасын басшылыққа алып, қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті құрылсын, ол тікелей инвестицияларды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асыру ісіндегі бірден-бір уәкілді мемлекеттік орган б о л ы п т а б ы л а д ы .

2. Былай деп белгіленсін:

1) Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары болып табылады;

2) Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы Мемлекеттік комитетінің қызметі туралы, сондай-ақ тікелей инвестицияларды ынталандыру жобалары бойынша істің жайы туралы үнемі Қазақстан Республикасы Президентінің алдында есеп береді және Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне баяндап отырады.

3. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің негізгі міндеті ретінде шетелдік және отандық тікелей инвестицияларды ынталандыру болып белгіленсін, ол мына мақсаттарға:

1) жұмыс орындарын құруға;

2) Қазақстан кадрларын оқыту мен кәсіптік даярлауға;

3) табиғат ресурстарын игеру мен қорғауға;

4) базалық және қосалқы салаларды дамытуға;

5) инфрақұрылымды дамытуға;

6) елдің өнеркәсіптік және техникалық әлеуетін дамыту қарқынын нығайтуға, диверсификациялау мен ұлғайтуға;

7) отандық өнім сапасын арттыруға;

8) экспорт көлемін ұлғайтуға;

9) импортты алмастыруға;

10) басым аймақтардың экономикалық дамуын ынталандыруға;

11) экологиялық проблемаларды шешуге қол жеткізуге арналады.

4. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қызметінің мынадай негізгі бағыттары белгіленсін:

1) шетелдік және отандық тікелей инвестицияларды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясатты әзірлеу мен жүзеге асыру;

2) шетелдік инвесторлармен жұмыс жүйесін құру және тікелей инвестицияларды ынталандыру мен инвестициялық ахуалды жақсарту жөнінде ұ с ы н ы с т а р ә з і р л е у ;

3) Қазақстан Республикасының экономикасы мен тікелей инвестицияларға деген қажеттіліктері туралы ақпараттық материалдар әзірлеу және шетелдерде т а р а т у ;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика агенттігімен, басқа да мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, шетелдік және отандық тікелей инвестицияларды тарту мәселелерінде есепке алу мен есеп беруді ұйымдастыру.

5. Алға қойылған міндеттерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетіне:

1) инвестициялық ынтымақтастық пен шетелдік тікелей инвестициялар жөнінде келіссөздер жүргізу және халықаралық шарттарға қол қою;

2) орталық және жергілікті атқарушы органдардан қажетті ақпаратты сұрату ж ә н е а л у ;

3) тікелей инвестицияларды ынталандыру бөлігінде нормативтік құқықтық актілер жобаларына, орталық және жергілікті атқарушы органдар актілеріне сараптаманы жүзеге асыру және оларды әзірлеуге қатысу;

4) кеңесшілер, консультанттар және сарапшылар ретінде жұмысқа шетел азаматтарын тарту құқығы берілсін.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне тікелей инвестицияларды ынталандыру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін айқындайтын заң жобасын енгізетін болсын.

7. "Қазақстан Республикасының Үкіметінің құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 19 қазандағы N 2542 Жарлығының 1-тармағы "Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті" сөздерімен толықтырылсын.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлық күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімінің ішінде Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің қызметін қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қолданатын болсын.

9. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК